

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторларындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 19 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 мамырда № 10988 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ереже 15-тармағының 45) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 19.04.2023 № 19/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторларындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Тергеу изоляторы заңнамамен белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Н. Әбіқаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2015 жылғы 6 сәуірдегі
№ 19 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторларындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тарау жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 19.04.2023 № 19/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторларындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі

№ 2922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – ҰҚК) туралы ереже 15-тармағының 45) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторларындағы (бұдан әрі – тергеу изоляторы) күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталғандарды (бұдан әрі – күдіктілер мен айыпталушылар) күзету мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 19.04.2023 № 19/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-1. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы автокөлік бейнетіркегіші (бұдан әрі – бейнетіркегіш) – күзетте ұсталатын адамдарды айдауылдауға және этаппен жіберуге арналған арнайы автомобильде аудиобейнежазбаларды жүзеге асыру үшін арналған техникалық құрылғы;

2) портативті алып жүретін бейнетіркегіш (бұдан әрі – бейнежетон) – күзетте ұсталатын адамдарды күзету мен қадағалауға тартылған тергеу изоляторы қызметкерлерінің, тергеу изоляторы басшылығының және оған уәкілетті адамдардың күдіктілер мен айыпталушыларды жеке қабылдауды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ тергеу изоляторының медицина қызметкері медициналық тексеру өткізу және медициналық көмек көрсету барысында аудиобейнежазбаны жүзеге асыру үшін арналған техникалық құрылғы.

Ескерту. 1-тарау 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Тергеу изоляторларының қадағалауы мен күзетуі:

- 1) кезекші ауысымдардың қызметті атқаруын ұйымдастыруды;
- 2) тергеу изоляторларындағы қауіпсіздік шаралары, дене күшін, арнайы құралдарды және газды оқ ату қаруын қолдануға негіздемелерді;
- 3) күдіктілер мен айыпталушыларды айдауылмен алып жүруді;
- 4) шиелініскен күрделі жағдайларда күзету мен қадағалауды қамтамасыз ету;
- 5) жеке құрамды күшейтілген күзетке ауыстыруды;
- 6) күзету мен қадағалау, дабыл және байланыс техникалық құралдарын пайдалануды қамтиды.

3. Кезекші ауысымдардың сандық құрамы пост санын, күдіктілер мен айыпталушылардың тәуліктік қозғалысын, айдауылдау және тінту бойынша міндеттерді орындауды ескере отырып, белгіленеді.

4. Тергеу изоляторларының ішкі және сыртқы күзетін, күзетте ұсталатын адамдардың тәртібін қадағалауды сержант құрамындағы адамдар – бақылаушылар жүзеге асырады.

Бақылаушылар сыртқы және ішкі пост бақылаушылары, резервтегі бақылаушылар мен айдауыл тобының бақылаушылары болып бөлінеді.

5. Бақылаушылар тергеу изоляторының бастығына, оның орынбасарына, тергеу изоляторы бастығының кезекші көмекшісіне (бұдан әрі – кезекші) бағынады.

2-тарау. Кезекші ауысымдардың қызметті атқаруын ұйымдастыру тәртібі

Ескерту. 2-тарау жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 19.04.2023 № 19/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Күдіктілер мен айыпталушыларды күзету және олардың тәртібін қадағалау тәулік бойы сыртқы және ішкі посттар арқылы тиісті кезекшінің басшылығымен кезекші ауысымның жеке құрамы жүзеге асырылады. Сыртқы және ішкі күзеттегі посттардың саны мен орналастырылуы тергеу изоляторының бастығымен белгіленеді және осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысандағы тергеу изоляторының пост табелінде көрсетіледі.

7. Пост қызметін атқару үшін төрт кезекші ауысым қалыптастырылады, олар осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы кезекші ауысымдар жұмысының кестесіне сай кезектесіп қызмет атқарады.

8. Әр ауысымның өзінің тұрақты нөмірі бар. Бақылаушыларды бір ауысымнан басқа ауысымға уақытша ауыстыру қызметтік қажеттілікке орай тергеу изоляторының бастығымен немесе оның орынбасарымен жүргізіледі. Тергеу изоляторына әйел күдіктілер мен айыпталушылар орналастырылған жағдайда, кезекші ауысым құрамына әйел-бақылаушылар қосылады.

9. Камераларда ұсталатын адамдардың жүріс-тұрысын қадағалауды ішкі пост бақылаушысы есіктегі қарау саңылаулары арқылы жүзеге асырады.

10. Бір ішкі пост бақылаушысының күзетінде тіке көрінетін дәлізде аралас немесе қарама-қарсы орналасқан жиырма камера болады. Карцер оқшау орналасқан жағдайда оған жеке пост қойылады.

11. Ішкі пост бақылаушысында күдіктілер мен айыпталушылар ұсталатын (бұдан әрі – режимдік корпус) режимдік корпусның немесе дәліздердің кіреберіс есіктерінің кілті болмайды, жалғыз өзі камераны ашпайды және оған кірмейді.

12. Ішкі пост бақылаушысы камераға тамақ, қайнаған суды таратуды, баспа шығарылымдарын, заттар мен нәрселерді беруді, сондай-ақ бір камерадан екінші камераға әр түрлі заттарды, хаттарды беруді жүргізбейді, күдіктілер мен айыпталушылардан арыздарды қабылдамайды және қызметтік міндеттерін атқаруға қатысы жоқ тақырыпта әңгімелеспейді.

13. Резервтегі бақылаушы күдіктілер мен айыпталушыларға камераға тамақты, дәрілерді, кітаптар мен басқа да заттарды есік желкөздері арқылы береді және арыздарды қабылдайды.

14. Тергеу изоляторының бастығы немесе оның орынбасары, медицина қызметкерлері немесе қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерге бару құқығы бар адамдар камераларды аралаған кезде оларды резервтегі бақылаушы алып жүреді және ішкі пост бақылаушы камера есігін ашқаннан кейін бірінші болып камераға кіреді.

Ішкі пост бақылаушысына камераларды тексеруді өткізуші адамдармен бірге камераға кіруге болмайды.

15. Камераларға кіру қажетті сақтық шараларын сақтай отырып жүргізіледі.

Камера есігін ашпастан бұрын ішкі пост бақылаушысы есік желкөзі арқылы күдіктілер мен айыпталушыларға есікке қарама-қарсы қабырғаға тізілуін өтінеді.

16. Күдіктілер мен айыпталушыларды басқа камераларға ауыстыру кезінде, ауыстыру сипатына қарай бір-бірлеп немесе топпен не камераның барлық құрамымен кезекшінің және резервтегі бақылаушының қатысуымен жүргізіледі.

17. Күдіктілер мен айыпталушыларды айдауыл тобының бақылаушылары медициналық қабылдау үшін тергеу изоляторының шегінде орналасқан кабинетке апарды.

18. Санитарлық өңдеуге және серуендеуге апарарда күдіктілер мен айыпталушылар шығарылу мақсаты туралы ескертіледі. Қалған жағдайларда камерадан шақырту немесе шығару барысында шығарылу мақсаты хабарланбайды.

Алдағы тергеу изоляторынан ауыстырылуы немесе босатылуы туралы күдіктілер мен айыпталушыларды алдын-ала ескертуге жол берілмейді.

19. Күзетте ұсталатын адамдарды камерадан шығару кезекшінің нұсқауы бойынша ішкі пост бақылаушысымен айдауыл тобының бақылаушысына беру жолымен жүзеге асырылады.

20. Серуендеуге, санитарлық өңделуге, медициналық пунктке апару журналдарда есепке алынады:

осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша күдіктілер мен айыпталушылардың серуендеуін есепке алу;

осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша күдіктілер мен айыпталушылардың санитарлық өңделуін есепке алу;

осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша күдіктілер мен айыпталушылардың медициналық қабылдануын есепке алу.

21. Күдіктілер мен айыпталушыларға сотқа дейінгі тергеуді жүргізуші адамның келуі, туысқандары мен өзге адамдардың онымен кездесуі қылмыстық істі өндіруші адамның немесе органның жазбаша рұқсатымен беріледі.

Ұлттық алдын алу тетігінің (бұдан әрі – ҰААТ) қатысушылары Адам құқықтар бойынша уәкілетті тұлғаның шешімімен немесе онымен бекітілген жоспар бойынша тергеу изоляторында болады.

ҰААТ қатысушысының алдын ала болуға өкілеттілігін растайтын құжат Адам құқықтары жөніндегі уәкіл беретін ҰААТ қатысушысының куәлігі болып табылады.

22. Күдіктілер мен айпталушыларды камерадан шығару бір-бірлеп немесе қатарынан екеуден жүзеге асырылады.

23. Постқа тергеу изоляторының бастығы немесе оның орынбасары келген кезде ішкі пост бақылаушысы өзін таныстырады және посттағы жағдайды баяндайды.

24. Күдіктілерді немесе айыпталушыларды жедел медициналық көмек көрсету үшін медициналық ұйымдарға апарған жағдайда, стационар жағдайында олардың күзету үшін екі бақылаушыдан кем емес тәуліктік пост белгіленеді, олардың біреуі басшы болып тағайындалады. Бір бақылаушы қызметі тікелей аурудың палатасында, ал екіншісі, жағдайға қарай стационар дәлізінде, терезе алдында немесе басқа орында, медицина ұйымың сыртқы жағында қызметті атқарады.

Медицина ұйымдарындағы постқа тағайындалған бақылаушылар нысанды киім кимейді, радиостанция ұстап, оқ ату қаруымен және арнайы құралдармен қаруланады.

25. Әр тәуліктегі кезекші ауысымның құрамы және пост құрылымдары осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша рәсімделген тергеу изоляторы бастығының бұйрығымен жарияланады.

26. Ішкі пост бақылаушыларының ауысуы кезекшінің нұсқауы бойынша күзетте ұсталатын адамдардың бар болуын тексергеннен кейін осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысандағы ішкі (сыртқы) пост ведомосына сәйкес жүргізіледі. Кезекші жеке өзі қатыса алмаған жағдайда, ауысу өздігінен жүзеге асырылып, соңынан түскен бақылаушы постты қабылдағандығы туралы және ауысқан бақылаушы өзінің постты тапсырғандығы туралы тікелей кезекшіге баяндайды. Постағыларды уақытша ауыстыру осы тәртіпте жүзеге асырылады. Әр ауысу (ауыстыру) туралы осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысандағы ішкі (сыртқы) пост ведомосына белгі қойылады.

27. Сыртқы посттың ауысуы аталмыш тәртіпте осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысандағы ішкі (сыртқы) пост ведомосына сәйкес жүргізіледі. Сыртқы посттан ауысушы бақылаушы қаруды кезекшіге тапсырады, ал осы постқа кезекшілікке түсуші кезекшіден осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысандағы қарулар мен оқ-дәрілерді беру және қайтарып алуды есепке алу журналына қол қою арқылы алады.

28. Ауысым кезекшілігіне түсуші жеке құрам тергеу изоляторына кезекшіліктің басталуына он бес минут қалғанға дейін келеді.

29. Кезекшілікті тапсырып-қабылдау кезінде күзетте ұсталатын адамдардың қозғалысы мен шығарылуы тоқтатылады.

30. Ауысымды қабылдаушы кезекші тергеу изоляторындағы жағдаймен танысады, бақылаушылардың қызметтік куәліктерін, қару, оқ-дәрілердің, арнайы құралдардың түгелдігін тексереді.

31. Бақылаушылар постқа түсер алдында кезекші нұсқаулық өткізеді, соңынан посттарды тапсырып-қабылдау жүзеге асырылады.

32. Ішкі посттарды тапсырып-қабылдау күзетте ұсталатын адамдарды қабылдаудан басталады, олардың камераларда болуын күзетке түсуші ішкі пост бақылаушы ауысымды тапсырушы бақылаушымен бірлесіп камералардың қарау саңылауы арқылы тексереді және осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысандағы ішкі (сыртқы) пост ведомосындағы мәліметтермен салыстырылады.

33. Күзетте ұсталатын адамдардың жоқ болу себебі осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысандағы шақырту талаптамасы мен осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысандағы жауап алуға шақыру туралы талаптаманың бақылау талоны бойынша тексеріледі.

34. Күзетте ұсталатындарды салыстырып тексеруден кейін ауысымды қабылдаушы бақылаушы посттағы жарықтың, күзет сигнализациясы мен байланыстың дұрыстығын, өртке қарсы заттардың түгелдігін, сондай-ақ торлардың, есіктердің, тиектердің жағдайын тексереді. Күзетте ұсталатын жекелеген адамдардың тәртібіне қатысты ескертулер кезекшілікке түсетін кезекшіге және посты қабылдаушы бақылаушыға хабарланады.

35. Постты тапсырып-қабылдау туралы бақылаушылар осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысандағы ішкі (сыртқы) пост ведомосына қол қояды және кезекшіге баяндайды. Осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысандағы тергеу изоляторынан шыққан адамдардың шақырту талаптамасын постты тапсырған бақылаушы өз ауысымының кезекшісіне береді.

36. Сыртқы поста үздіксіз болу уақыты ауа-райы температурасы мен метеорологиялық жағдайларға байланысты екі сағатқа дейін белгіленеді.

37. Кезекшілікке түсетін ауысым күзетте ұталушы адамдардың белгіленген қозғалыс бағытының қауіпсіздігін тексереді.

38. Демалыс және мейрам күндері ауысымға түсетін кезекші тергеу изоляторының бастығына кезекшілікті қабылдағаны туралы баяндайды.

39. Бақылаушыларды посттар бойынша таратып, айдауылмен апару бағытын тексергеннен кейін түсетін ауысымның кезекшісі қаруды, арнайы құралдарды, оқ-дәрілерді, қызметтік кілттерді, қолкісендерді, күзет сигнализациясы мен байланыс құралдарын, өртке қарсы мүкәммалды тексереді және тапсырушы ауысымның кезекшісінен оларды қабылдайды.

40. Кезекші кезекшілік бөлімде:

осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысандағы кезекшілікті қабылдап-тапсыру журналын;

осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысандағы қарулар мен оқ-дәрілерді беру және қайтарып алуды есепке алу журналын;

осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысандағы изолятордың қызметтік кілттерін есепке алу журналын;

осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысандағы кездесулерді, сәлемдемелерді, сәлем-сауқатты және ақша аударымдарын есепке алу журналын;

осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысандағы күдіктілер мен айыпталушылардың келуін және кетуін тіркеу журналын;

осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысандағы изолятордың санитарлық есепке алу журналын;

осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысандағы күдіктілер мен айыпталушылардың шағымдарын және өтініштерін тіркеу журналын сақтайды және жүргізеді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 13.05.2022 № 20/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Кезекшілікті қабылдап-тапсыру туралы тапсыратын ауысымның кезекшісі тергеу изоляторы бастығының атына баянат жазады, онда мыналар:

кезекшілік бойынша күзетте ұсталатын адамдардың саны;

қару мен арнайы құралдардың, қызметтік кілттердің, өртке қарсы құралдардың, мөрлердің, мөртабандар мен қызметтік құжаттамалардың түгелдігін тексеру нәтижелері;

дабыл, байланыс және техникалық күзет құралдарының жағдайы;

күдіктілер мен айыпталушылармен жіберілген режимнің бұзылуы, сондай-ақ орын алған оқиғалар мен олар бойынша қолданған шаралары;

күдіктілер мен айыпталушыларды бақылау тінтулер мен камераларды техникалық тексеру нәтижелері және оларды кім жүргізгені көрсетіледі.

Баянатта қызметке келмеген бақылаушылардың тегі және оларды кімдер ауыстырғандығы көрсетіледі.

42. Баянат осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысандағы кезекшілікті қабылдап-тапсыру журналына жазылады және оған ауысымның кезекшілері қол қояды. Тергеу изоляторының бастығы немесе оның орынбасары күн сайын баянатпен танысады және сол бойынша қажетті шаралар қабылдайды. Осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысандағы ішкі (сыртқы) пост ведомосы кезекшілік аяқталған соң осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысандағы тергеу изоляторы бастығының бұйрығына қосылып тіркеледі.

3-тарау. Тергеу изоляторларындағы қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, дене күшін, арнайы құралдарды, газ және оқ ататын қаруларды қолдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 3-тарау жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 19.04.2023 № 19/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Тергеу изоляторларында дене күші, арнайы құралдар, газ және оқ ататын қарулар "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 42-45-баптарына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 13.05.2022 № 20/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Арнайы құралдарды қолданған тергеу изоляторының қызметкерлері оларды қолданғаны туралы тергеу изоляторының бастығына баяндайды және осы Қағидалардың 17-қосымшасына сәйкес нысандағы арнайы құралдарды қолдану туралы акт жасайды.

45. Әйелдерге, нақты мүгедектік белгілері бар адамдарға, егер олар айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреген, топтасып шабуыл жасаған немесе қарулы қарсылық көрсеткен жағдайлардан басқа уақытта оларға қарсы арнайы құралдарды, газ қаруын және күрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдануға жол берілмейді.

46. "Токта! Атамын!" деген ескертуден және жоғарыға оқ атқаннан кейін мына жағдайларда:

1) күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің, күдіктілер мен айыпталушылардың, өзге де адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін шабуылдарынан қорғану үшін;

2) қаруды тартып алу мақсатында күдіктілер мен айыпталушылардың күзетте ұстау орындары қызметкерлеріне, өзге де тұлғаларға жасаған шабуылын тойтару үшін;

3) кепілге алынған адамдарды, басып алынған ғимараттарды, үй-жайларды және көлік құралдарын босату үшін;

4) күзетте ұстау орындарының ғимараттарына, үй-жайларына және көлік құралдарына топ болып немесе қарулы шабуыл жасауды тойтару үшін;

5) қарулы қарсылық көрсеткен, сондай-ақ күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы ауыр қылмыс жасау үстінде ұсталған адамдарды ұстау үшін;

6) күдіктілер мен айыпталушылардың күзетте ұстау орындарынан немесе айдауылдан қашу әрекетін алдын алу үшін;

7) қаруды тапсыру туралы күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің заңды талабын орындаудан бас тартқан қарулы адамды ұстау үшін;
8) күдіктілер мен айыпталушылардың күшпен босатылу әрекетін алдын алу үшін;
9) жануарлардың шабуылынан қорғану үшін;
10) дабыл белгісін беру немесе көмек шақыру үшін;
11) өзге де қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайларында оқ ату қаруын қолданылуы мүмкін.

47. Қару ескертусіз мына жағдайларда:

1) тергеу изоляторына, күзет пен қадағалауды жүзеге асырушы адамдарға, айдауыл құрамына, тергеу изоляторының басқа қызметкерлеріне, күдіктілер мен айыпталушыларға немесе өзге адамдарға қарулы шабуыл барысында;
2) қарумен қашқан күдіктілер мен айыпталушыларға;
3) түнде, нашар көріну жағдайларында қашқанда;
4) қарулы қарсылық көрсеткен, қашқын күдіктіні немесе айыпталушыны ұстау барысында қолданылады.

48. Қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, адамдарды, көлік құралдарын кепілдікке алған немесе топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда әйелдер мен кәмелеттік жасқа толмағандарға қарсы қару қолдануға тыйым салынады.

49. Адамдардың өліміне немесе басқа да ауыр зардаптарға әкеп соқтырған қару мен арнайы құралдардың қолданылған әрбір жағдайы туралы прокуратура, полиция және ҰҚК аумақтық органдарына дереу бір сағат ішінде хабарланады.

50. Қару қолдану нәтижесінде жаралану немесе өлімге әкеп соқтырған жағдайда оқиға орнын күзету қамтамасыз етіледі. Қару қолдану нәтижесінде жараланған адамдарға медициналық көмек көрсетіледі.

4-тарау. Күдіктілер мен айыпталушыларды айдауылмен алып жүру тәртібі

Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 19.04.2023 № 19/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Күзетте ұсталатын адамдарды айдауылдау айдауыл тобының бақылаушыларымен жеке орналастыру принципін сақтай отырып жүзеге асырылады: ерлерді әйелдерден; кәмелеттік жасқа толмағандарды үлкендерден; өлім жазасына кесілгендерді сотталған адамдардың басқа санаттарынан; сотталғандарды күдіктілер мен айыпталушылардан; бір қылмыстық іс бойынша өтетін адамдарды; инфекциялық аурулармен ауратындарды немесе ерекше медициналық күтім мен қадағалауға зәру адамдар.

52. Тергеу изоляторының ішінде және оның шегінен тыс айдауылмен алып жүру басқа адамдардан айдауылмен жүрушілердің қашу мүмкіндігіне жол бермейтін, толық

оқшаулануын қамтамасыз ететін белгіленген бағыт бойынша жүргізіледі. От сөндіргіштер және басқа да қорғалмаған заттар қоршалуы тиіс. Айдауылмен апарудың әрбір алдын ала белгіленбеген бағыты күзетте ұсталатын адамдарды айдауылдау алдында тексеріліп отырады.

53. Күзетте ұсталатын адамдарды айдауылмен апаруды айдауыл тобының кемінде екі айдауылшысы жүзеге асыруы тиіс.

54. Тергеу изоляторында ұсталатын адамдарды бір камерада басқаға ауыстыру тергеу изоляторы бастығының нұсқауы бойынша жүргізіледі. Осы сияқты ауыстыруды тергеу изоляторының бастығы болмаған кезде кезекші жүзеге асырады. Күзетте ұсталатын адамдардың әрбір ауысуы, осы Қағидалардың 18-қосымшасына сәйкес нысандағы күзетте ұсталатын адамдарды ауыстыру талоны негізінде жүргізіледі және осы Қағидалардың 19-қосымшасына сәйкес нысандағы камералық карточкада көрсетіледі.

55. Адамды тергеу изоляторының шегінен тыс жерге айдауылмен апару тергеу изоляторы бастығының немесе оның орынбасарының, ал олар болмаған кезде кезекшінің өкімі бойынша осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысандағы шақырту талаптамасымен рәсімделу арқылы жүргізіледі. Жауап алу, қорғаушыларымен және туысқандарымен жолығу үшін, медициналық қарауға шығару, фотосуретке түсіру және саусақ таңбасын алу үшін күзетте ұсталатын адамға осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысандағы жауап алуға шақыру туралы талаптама рәсімделеді. Талаптамалар ішкі пост бақылаушысына беру үшін негіздеме ретінде ұсынылады.

56. Күзетте ұсталатын адамдарды айдауылмен апару үшін қабылдағандығы туралы осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысандағы шақырту талаптамасының артына айдауыл тобының бақылаушы, ал оның камераға қайтқандығы туралы ішкі пост бақылаушысы қол қояды, бұдан соң талаптама кезекшіге беріледі.

57. Басқа күзетте ұстау орнына кеткен күзетте ұсталатын адамға осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысандағы шақырту талаптамасы ілеспе тізімдері бар іске, ал күзеттен босатылған адамға оның жеке ісіне қосып тігіледі.

58. Қылмыстық істі өндіруші органның талабы бойынша күзетте ұсталатын адамдарды соттарға жеткізу және тергеу изоляторы орналасқан елді- мекен шегінен тыс айдауылдауға айдауыл тобының бақылаушылары бөлінеді.

59. Егер айдауылды екі айдауыл тобының бақылаушылары жүзеге асырса, олардың біреуі алдында, екіншісі айдауылдалушының артында бір қадам қашықтықта жүреді.

60. Екі және одан да көп адамды айдауылмен апару кезінде олар бірінің артынан бірі жүреді, ал айдауыл тобының бақылаушылары олардың алдында, оң немесе сол жағында және артында жүреді. Айдауыл тобының бақылаушысы бұрылыстарда және күзетілмейтін есік арқылы өту кезінде айдауылданушыны бұрылысқа (есікке) дейін екі

қадам бұрын тоқтатады, оған қабырғаға қарап тұруды ұсынады, ал өзі алдына шығып (есікті ашады), бару жолының бос екендігіне көз жеткізеді, сосын айдауылданушыны алға жібереді де оның артынан жүреді.

61. Күзетте ұсталатын әйелдерді санитарлық өңдеу мен дәретханаға ер бақылаушылар апаруы мүмкін, алайда оларды санитарлық өңделу, сондай-ақ дәретханада болу уақытын бақылауды әйел бақылаушылар жүзеге асырады.

62. Айдауылмен апарудың барлық бағыты бойынша айдауыл тобының бақылаушысы айдауылмен апарылушылардың тыныштық сақтап жүруін, өз еркімен тоқтамауын, қолдарын "артқа" ұстауын бақылайды.

63. Тергеу изоляторынан тыс жерге айдауылмен апару үшін осы Қағидалардың 20-қосымшасына сәйкес тергеу изоляторы шегінен тыс жерге айдауылдау үшін тағайындалатын айдауыл санының есебімен айдауыл тобының бақылаушысы тағайындалады. Жүргізуші айдауыл құрамына енгізілмейді.

64. Айдауылдауға жататын адамдарды қабылдау, айдауыл бастығының кезекшіден алынған құжат бойынша тексеруінен басталады. Айдауыл бастығы әр күдіктіні немесе айыпталушыдан жауап алады және жауап мәліметтерін оған қатысты құжаттағы мәліметпен салыстырады.

Қабылдап отырған адамға қатысты күдік туындағанда айдауыл бастығы кезекшіге хабарлайлы және оның нұсқауы бойынша әрекет етеді.

65. Айдауылмен апаруға:

құжаты немесе құжаттары дұрыс толтырылмаған;

дәрігер қортындысы бойынша жөнелтілуі мүмкін емес;

маусым бойынша киінбеген және бірінші тарату орнына дейін азықпен қамтамасыз етілмеген адамдар қабылданбайды.

66. Айдауыл құрамы айдауылданушыларды қабылдау барысында оларға тінту жасап, жеке заттарын тексереді.

67. Психикалық ауытқуға ұшыраған адамдарды бөлек тәртіппен кемінде үш айдауыл тобының бақылаушысы айдауылмен алып жүреді. Психикалық ауытқуға ұшыраған адамдарды алып жүру үшін медицина қызметкері бөлінеді.

68. Күзетте ұсталатын адамдар тергеу изоляторынан тыс жерлерге күдіктілер мен айыпталушыларды тасымалдауға арналған, арнайы жабдықталған автомобильдерде, сондай-ақ тергеу изоляторы бастығының немесе оның орынбасарының рұқсатымен жеңіл автомашиналармен апарылады.

69. Арнайы автомобиль байланыс құралдарымен, ал айдауыл табельдік немесе автоматты қарумен қамтамасыз етіледі.

70. Арнайы автомобильге отырғызғанға дейін айдауыл бастығы айдауылданушыларға жүру жолында жүріс-тұрыс нормаларын ұстану туралы ескертеді , машинадағы бөгде заттардың болуын, тиектердің, торлардың, камералардың, есіктердің дабылы мен жарық беру құрылғыларын тексереді.

Жүру жолында айдауыл бастығы жүргізушінің жанында болады, айдауыл тобының бақылаушылары шанақта, ал жеңіл машинада айдауылмен апарғанда артқы орындықта айдауылданушының екі жағына отырады.

Айдауылданушының жеке заттары қолына берілмейді және арнаулы автомобильдің камералары арасына немесе өзге де бос орындарға қойылады.

71. Ұшақта айдауылмен апару аса қауырт және көліктің басқа түрлерін пайдалану мүмкін болмаған жағдайда жүргізіледі.

72. Айдауылданушыны ұшаққа отырғызу әуежай әкімшілігінің келісімі бойынша жолаушыларды отырғызғанға дейін, ал түсіру жолаушылар ұшақтан шыққаннан кейін жүргізіледі.

Отырғызу алдында және түскеннен кейін айдауылданушыға арналған орын мұқият тексеріледі. Айдауылданушыға арналған орын ұшақтың ұшу бағытын, түрін, жолаушылар орындарының орналасу ерекшеліктерін, апаттық және жүк түсетін люктардың болуын ескере отырып, отырғызар алдында мұқият тексеріледі.

Айдауыл тобының бақылаушылары орындыққа айдауылданушының екі жағынан не болмаса бір бақылаушы оның артқы жағына немесе келесі қатардағы орынға жайғасады. Орналасу орындары мен күзетті қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді айдауыл бастығы ұшақтың экипаж командирімен келіседі, оған айдауылда оқ ататын қаруының бар екендігі туралы хабарлайды.

Ұшақтың бортына аэрозольдік орауыштағы арнайлы құралдарды және газ қаруына арналған оқ-дәрілерді алуға тыйым салынады. Ұшу уақытында айдауыл тобының бақылаушылары айдауылмен апарылушыларға бақылауды күшейтуге, оларды орнынан тұрғызбауға және жолаушылармен байланыс жасатпауға міндетті.

73. Айдауылмен апарылушыларға ұшақтың бортында және арадағы әуежайларда ұзақ тоқтағанда айдауыл тобы бақылаушыларының бақылауымен тамақ ішуге болады.

Айдауылданушы дәретханаға екі айдауыл тобы бақылаушыларының ілесуімен шығарылады, оның бірі алдын ала дәретхананы қарайды және онда онымен бірге болады, ал екіншісі сәл ашылған есіктің жанында қалады.

Ұшақ әуежайда ұзақ уақыт тұрған кезде айдауылданушы күзету мен оқшаулауға ыңғайлы орынға орналастырылады. Егер аралық әуежайларда ұшақтың аялдауы бір сағаттан аспаса, айдауылмен апарылушы түсірілмейді.

74. Жолаушылар вагонында немесе су көлігінде адамдарды айдауылмен апару ұшақта айдауылмен апару тәртібіне сәйкес мынандай ерекшеліктерді ескеру арқылы ұйымдастырылады – айдауыл тобының бақылаушылары айдауылданушымен бірге дәретханға жақын орналасқан жеке купеге немесе каютаға жайғасады; түнгі уақытта айдауылмен апарылушы үстіңгі төсекке жатады.

75. Айдауыл бастығы күзетте ұсталатындарды айдауылмен апару жөніндегі міндеттердің дәл және дер кезінде орындалуына, қарамағындағылар арасындағы әскери

тәртіп жағдайына, айдауылдың пайдалануындағы қару-жарақтар мен мүліктердің сақталуына жауап береді.

76. Тергеу изоляторының әкімшілігі тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның, прокурордың немесе соттың (судьяның) нұсқауы бойынша күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторына қабылдауды және белгіленген орынға жіберу үшін айдауылға беруді қамтамасыз етеді.

77. Егер тергеу изоляторының әкімшілігі өзіне байланысты емес себептермен айдауылмен апаруға құжат келіп түскен органның талабы бойынша күзетте ұсталатын адамдарды дер кезінде апара алмаса, онда ол туралы бір сағат ішінде сол органды хабардар етеді.

78. Егер күдіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторының есебінен шығарылып, басқа арнаулы мекемеге айдауылданса, осы Қағидалардың 21-қосымшасына сәйкес нысандағы күдіктінің, айыпталушының жеке ісі осы Қағидалардың 22-қосымшасына сәйкес нысандағы жеке іс бойынша анықтама желімделген пакетке салынады.

79. Күзетте ұстау орындарына этаппен жіберілген адамдарға екі данада басылған, осы Қағидалардың 23-қосымшасына сәйкес нысандағы ілеспе тізім жасалады және күдіктілер мен айыпталушылар жіберілетін арнаулы мекеме үшін айдауыл бастығына тапсырылады. Ілеспе тізімнің екінші данасы аталған адамдарды және жеке істерді қабылдағаны туралы тиісті лауазымды адамның қолымен тергеу изоляторына қайтарылады.

5-тарау. Шиелініскен күрделі жағдайларда күзету мен қадағалауды қамтамасыз ету тәртібі

Ескерту. 5-тарау жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 19.04.2023 № 19/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Төтенше жағдайда тергеу изоляторында жекелеген поста дабыл немесе жалпы дабыл жарияланады.

81. Тергеу изоляторында төтенше жағдайларға мыналар жатады:

- тергеу изоляторына шабуыл;
- тергеу изоляторының қызметкерлеріне немесе басқа адамдарға шабуыл жасалуы;
- күзетте ұсталатын адамдармен ұйымдастырылған және жүзеге асырылған жаппай бағынбаушылық, жаппай тәртіпсіздік;
- адамды кепілге алу;
- адамның күзеттен қашуы немесе қашуға әрекет етуі;
- күзетте ұсталатын адамның өз-өзіне қол жұмсауы;
- өрт.

82. Төтенше жағдайлардың зардаптарын жою үшін құрамы тергеу изоляторы бойынша бұйрықпен жарияланатын арнайы топ құрылады. Изоляторларда штаттық саны жиырма бірлікке дейінгілер бес адамнан, одан жоғары болса он адамнан тұратын

арнайы топ құрылады. Арнайы топ жеңіл оққағар кеудешелермен, қалқандармен, басқа арнайы құралдармен жабдықталады және алдын ала жасалған жоспарлар бойынша қалыптасқан жағдайды ескере отырып, іс-қимыл жасайды. Дабыл белгісі бойынша күзетте ұсталатын адамдардың тергеу изоляторыдағы бойынша қозғалысы тоқтатылады және олар шұғыл түрде камераларға жабылады.

83. Жалпы дабыл тергеу изоляторына шабуыл жасалғанда, кепілдікке алынғанда, қашу дерегін анықтағанда, өрт немесе табиғи апаттарда, тергеу изоляторының бастығымен, оның орынбасарымен немесе кезекшімен жарияланады.

84. Жалпы дабыл жарияланған кезде тергеу изоляторының бастығы, оның орынбасары және кезекші оқиғаны арнайы топтың көмегімен жою үшін шұғыл түрде шара қолданылады, егер жағдай талап етсе, қызметке барлық жеке құрамды шақырады.

85. "Жалпы дабыл" белгісі бойынша кезекші ішкі байланыс телефоны арқылы барлық посттарға, тергеу изоляторының қызметкерлеріне "Тыңдаңыздар! Мекемеде жалпы дабыл жарияланады!" деген сөздерді айту жолымен беріледі.

86. Кезекші посттағы дабылды бақылаушыға шабуыл жасалғанда, топтасып бағынбауда, тәртіпсіздік жасалғанда, қашуға ұмтылғанда, қол жұмсауға немесе өзі-өзіне қол жұмсауға ұмтылғанда, камераласын өлтірген жағдайларда жариялайды. Команданы кезекші телефон арқылы "Постта дабыл!" деген сөздермен жариялайды.

87. "Постта дабыл!" белгісі бойынша кезекші резервтегі бақылаушылар тобын не болмаса резінке таяқшалары бар резервтегі бақылаушыларды оқиға орнына жібереді.

88. Қажет болған жағдайда тергеу изоляторының әкімшілігі ҰҚК жоғарғы басшылығына көмек бөлу туралы өтінішпен жүгінеді. Жалпы дабылды оны жариялаған лауазымды адам, ал жекелеген бекеттегі дабылды кезекші тоқтатады.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 13.05.2022 № 20/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Ішкі пост бақылаушысы өзіне күдікті, айыпталушы шабуыл жасаған кезде шабуылды тойтара отырып, камераның кілтін иемденуге жол бермеуге, ал тартып алу қаупі туған жағдайда кілтті қол жетпейтін жерге лақтырып жіберуге міндетті.

Егер ішкі пост бақылаушысы дабыл белгісін беріп үлгермесе, оны шабуылды байқап қалған басқа бақылаушы істейді.

90. Егер ішкі постта тәртіп орнатылмаса, корпусқа тергеу изоляторының бастығының, оның орынбасарының не болмаса кезекшінің әмірімен тергеу изоляторының арнайы құралдармен қаруланған бақылаушылары кіргізіледі. Шабуылдаған адамдарға "Жат!" деген әмір беріледі, ол орындалысымен, оларды камераларға біртіндеп кіргізеді. Әмірге көнбеген немесе қарсы күш көрсеткен адамдарға дене күші және арнайы құралдар қолданылады.

91. Топтасып бағынбауы кезінде постқа келген тергеу изоляторының қызметкерлері себептерін анықтайды және тәртіпсіздікті тоқтатуды сұрайды.

Егер камераның есігі жабылып қалса және заңды талаптар орындалмаса, тергеу изоляторы бастығының, оның орынбасарының немесе кезекшінің өкімі бойынша есіктің желкөзі немесе камераның терезесі арқылы суық су шашылады не арнайы құралдар қолданылады.

92. Күзетте ұсталатын адамдар тергеу изоляторының қызметкерлерін немесе басқа адамдарды кепілдікке алған кезде кезекші тергеу изоляторының бастығына немесе оның орынбасарына баяндайды, өз орнына резервтегі бақылаушыны қалдырады, оқиға болған жерге барып, күзетте ұсталатын адамдармен байланыс орнатады және олардан кепілдегілерді босатуды, қарсылықты тоқтатуды талап етеді және кепілдегілердің өміріне олардың жауапты екенін ескертеді.

93. Күдікті немесе айыпталушы қашуға әрекет етсе, бақылаушы дабыл белгісін беруге және басқа бақылаушыларды көмекке шақыра отырып, қашқан адамның ізіне түседі.

94. Күзетте ұсталатын адамның күзет шекарасын түрлі жолдар мен және тәсілдер мен бұзып өтіп, өзіне қатысты белгіленген орнын өз еркімен тастап кету қашу болып табылады.

Күзет шекарасына тергеу изоляторының негізгі қоршауы, сот, медицина ұйымдары ғимараттарында және өзге де үй-жайларда: сыртқы қабырғалар, есіктер мен терезелер, ал көлік құралдарында – қабырғалар, еден, төбе мен борттар, орындарда – күзетте ұсталатын адамның маңайындағы он метр арақашықтықтағы шартты сызық жатады.

Күзет сызығын бұзып өтуге бағытталған адамның іс-қимылы қашуға әрекет деп саналады.

95. Күдікті немесе айыпталушы күзеттен қашып кеткен жағдайда, тергеу изоляторының бастығы, оның орынбасары, кезекші:

орын алған оқиға жөнінде жоғарғы басшылыққа баяндайды;

ізвестіруді ұйымдастыру мақсатында ішкі істер органдарына хабарлайды;

қашқан адамның ықтималды бағытына және баруы мүмкін орындарға қаруланған бақылаушыларды жібереді;

болған жағдай туралы қылмыстық ісі өндірісте жатқан адамға немесе органға және прокуратураға хабарлайды.

96. Қашқан адамды іздеуді постта тұрмаған тергеу изоляторының қызметкерлері ізіне түсуді жергілікті іздестірілуін ұйымдастыру жоспарында қарастырылған іс-шараларды ескере отырып жүзеге асырады.

Іздестіру бойынша бірінші кезектегі іс-шаралар мен бірге іздестірілушінің тұрғылықты мекенжайлары, сондай-ақ, егер белгілі болса, оның туысқандарының және таныстарының мекенжайлары бақылауға алынады.

97. Күзеттегі адамның өз-өзіне қол жұмсауын немесе өзін-өзі дарға асу жолымен өз-өзіне қол жұмсау әрекетін байқап қалған кезде ішкі пост бақылаушысы дереу дабыл белгісін береді және есіктің желкөзі арқылы камераластарынан суицид жасамақ болған

адамның өмірін сақтап қалуға қажетті шаралар қолдануларын талап етеді. Өз-өзіне қол жұмсауды анықтаған жағдайда постқа келген тергеу изоляторының қызметкерлері кешеуілдетпей камераға кіріп, жіпті кеседі не одан басқа әдіспен (түйіннің бүтіндігін сақтай отырып) босатып алады, оны еденге жатқызады және медицина қызметкері келгенше жасанды дем береді. Егер де өз-өзіне қол жұмсау әрекеті өзге тәсілмен жасалған болса, тергеу изоляторының қызметкерлері дәрігер келгенге дейінгі көмек көрсету бойынша тиісті шара қолданады. Өзін-өзі заттай айғақтарды табу және алу мақсатында суицид жасау әрекеті болған немесе жасалынған үй-жайға мұқият бақылау жүргізіледі.

98. Егер жеке камераға қамалған адам өз-өзіне қол жұмсау әрекетін дарға асылу жолымен жасаса, ішкі пост бақылаушысына, дабыл белгісі берілгеннен кейін кешеуілдетпей камераға жалғыз кіріп, жіпті кесуге және күзетте ұсталған адамның өмірін сақтап қалу үшін қауырт шара қолдануға рұқсат етіледі.

99. Тергеу изоляторында өрт пайда болған жағдайда кезекші қолда бар күштер мен құралдардың көмегімен оны сөндіруге шара қолданады. Өртті өз күштерімен сөндіру мүмкін болмаған жағдайда аумақтық өртке қарсы қызмет бөлімі шақырылады және күзет дабыл бойынша қызметке шақырылған тергеу изоляторы бақылаушыларымен күшейтіледі.

От немесе түтіннің қауіпі төнген күзеттегі адамдарды басқа камераларға, серуен алаңдарына және өзге де тергеу изоляторының шеңберіндегі қауіпсіз орындарға ауыстыру қаруланбаған бақылаушылардың күшейтілген айдауылымен камера бойынша жүзеге асырылады.

Өрт кезінде күзетте ұсталатын адамдардың жеке істерінің, картотекалардың, мұрағаттардың және тергеу изоляторының мүліктерінің сақталуы арнайы бөлінген қызметкерлермен қамтамасыз етіледі.

100. Тергеу изоляторының аумағына аумақтық өртке қарсы қызмет бөлімі кіргізген кезде күзетте ұсталатын адамдардың үстінен бақылау күшейтіледі және олардың қашу мүмкіндіктерін болдырмайтын шаралар қолданылады.

101. Жергілікті жағдайды ескере отырып, тергеу изоляторының әкімшілігімен төтенше оқиғалар кезінде дабыл бойынша жеке құрамның іс-қимылдары туралы жоспар әзірленіп, тергеу изоляторының бастығымен бекітіледі.

6-тарау. Жеке құрамды күшейтілген күзетке ауыстыру тәртібі

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 6-тарау жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 19.04.2023 № 19/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. Тергеу изоляторы бастығының өкімімен изоляторда не болмаса ол орналасқан аудандағы жағдайдың шиеленісу жағдайында тергеу изоляторының жеке құрамы күшейтілген күзетке ауыстырылады.

103. Күшейтілген күзет тергеу изоляторының бастығымен немесе оның орынбасарымен белгіленген мерзімге немесе тергеу изоляторындағы жағдай қалыпқа түскенге дейін енгізіледі. Күзетудің күшейтілген түріне көшу туралы өкім тергеу изоляторының жеке құрамына жарияланады.

104. Күзетті күшейту кезеңінде тергеу изоляторының бастығымен іс-шаралар жоспары бекітіледі, онда:

қажет болған жағдайда қосымша сыртқы және ішкі посттардың қойылуы;

нақты жағдайға байланысты жеке құрамды немесе оның жартсын казармалық жағдайға ауыстыру;

кезекші ауысымдардың қызметті атқаруын жиі тексеру, өткізу режимін күшейту;

өткізу режимін күшейту;

жиіленген кесте бойынша камералар бойынша бақылау тінтулерін және камералардың техникалық қарауын жүргізу;

өртке қарсы құралдардың, автокөліктердің дайындығын және күзет техникалық құралдарының жарамдылығын қосымша тексеру;

азық-түлік блоктарының санитарлық жағдайын және басқа да тіршілік көзі жүйелерінің (сумен қамтамасыз ету, жылу, электр энергиясын жеткізу) жұмыс істеуін бақылауын күшейту шаралары қарастырылады.

105. Мереке күндері күшейтілген күзетті жүзеге асыру кезеңінде азық-түлік пен заттай сауқат қабылданбайды, жолығуға рұқсат берілмейді.

7-тарау. Күзет пен қадағалау, дабыл және байланыс техникалық құралдарын пайдалану тәртібі

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 7-тарау жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 19.04.2023 № 19/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

106. Күдіктілер мен айыпталушылардың күзетін қамтамасыз ету мақсатында тергеу изоляторлары инженерлік-техникалық күзет құралдарымен, дабыл және байланыс құралдарымен жабдықталады.

107. Тергеу изоляторының аумағы режимдік және шаруашылық аймақтарына бөлінеді, оларға асфальт төселеді, ал пайдаланылмай бос жатқан алаң көгалдандырылады. Тергеу изоляторының аумағы кірпіш немесе темір бетонды қабырғалармен шығыңқы емес, кемінде 4,5 метр биіктікте қоршалады. Қоршаудың ішкі

жағына жарық жүргізіледі. Сыртқы қоршаудың үстінен және қоршауға тікелей жанасып жатқан қабырғаларға, ғимарат шатырларына, металл кронштейндерге ішке қарай еңістіре отырып бірнеше қатар тікенек сым тартылады.

108. Серуендеу ауласы режимдік корпусқа жалғасқан режимдік аймақта жабдықталады. Серуендеу ауласының саны тәуліктің жарық кезінде күзетте ұсталынған адамдардың камерамен серуендеуін қамтамасыз ету есебімен анықталады. Бір серуендеу ауласының көлемі 12 шаршы метрден кем болмауы керек.

Серуендеу ауласының үсті металл жақтаумен бекітіледі, оған металл тор жабыстырылады, тордың үстінен "бұдыр" түріндегі металл торы бекітіледі. Серуендеу ауласының қабырғалары шығыңқы емес, биіктігі 3 метрден кем емес, кірпіштен немесе темірбетоннан жасалады. Серуендеу ауласының есіктері камера есіктеріне ұқсас, бірақ желкөздері болмайды. Әр серуендеу ауласының ортасына жерге бекітілген орындықтар орнатылады. Серуендеу ауласының үстіне кіре-беріс есікке қарама-қарсы қабырға бойымен атмосфералық жауын-шашыннан қорғану жеңіл қалқа жасалады. Серуендеу аулаларынан судың ағып кетуі қамтамасыз етілуі керек. Серуендеу аулаларының үстінен бақылаушы үшін серуендеу алаңындағы барлық күзетте ұсталатындардың оның қадағалауында болуы ескеріле отырып, тұғыр жасалынады. Бақылаушы постында күзет-дабыл сигнализациясының тетіктері немесе кезекшімен телефон байланысы аппараттары орнатылады.

109. Камералардың есіктері дәліз жаққа қарай ашылуы тиіс. Егер камералар екі немесе одан да көп қабатта орналасқан болса, қабат арасындағы баспалдақ тік металл торлармен қоршалады.

Режимдік корпустан әкімшілік корпусқа апаратын есік арнайы немесе кодты құлыппен жабдықталады.

110. Әрбір камераның барлық алаңы қарау саңылаулары арқылы көрініп тұруы керек. Егер көрінбейтін учаскелер болса, камера қабырғасы қосымша көру тесігімен жабдықталады.

111. Камера едендері сырмен боялған қатты жабынмен жабылуы керек. Еден кемерсіз (плинтуссыз) ағаш едендер немесе жылы қалыпқа келтірілген линолеуммен жабылған бетонды едендер жасалуы мүмкін.

Камераларда қол жуғышы бар санитарлық тораптар орнатылады.

112. Камера терезелері табиғи жарықпен қажетті деңгейде қамтамасыз етілу есебін ескере отырылып орналастырылады. Терезе жақтауларының орнына дөңгеленген еңіс жасалынады. Камера терезелерінің жақтауларына органикалық мөлдір шыны салынады.

Режимдік корпустың дәлізінде әр камера есігінің үстіне дабыл шамы, ал камераға – шақыру тетігі орнатылады.

113. Өлім жазасына кесілгендерді ұстау камералары режимдік корпус дәлізінің соңында орналасуы керек. Бұл камералардағы төсектер, үстел және орындықтар еденге

немесе қабырғаға бекітіледі. Оларға киім ілгіш және сөрелер орнатылмайды. Терезе мен жылыту құрылғыларына қызмет көрсету және сотталғанды шығару үшін, терезе мен есік жаққа кішкене есіктері бар бөлгіш торлары орнатылады.

114. Карцер режимдік корпуста орналасады. Терезелер төбеге жақын, табиғи жарық түсуін қамтамасыз ететін көлемде жасалады. Карцерде қабырғаға немесе еденге бекітілген құлыптанатын мықты темір қайырмалы кереует, үстел және орындық орнатылады. Егер карцерде санитарлық торапты орнату мүмкін болмаса, полиэтилен немесе қатты пластиктен ыдыс қойылады.

115. Тергеу изоляторына келетіндерді (кететіндерді) уақытша орналастыру үшін бокстар қолданылады.

Бокстың көлемі бір адамды орналастыруға жеткілікті болуы керек. Есіктерге қарау саңылаулары қойылады. Есіктің үстіңгі жағынан желдеткіш тесік қарастырылады, еденге немесе қабырғаға нықтап бекітілген орындықтармен жабдықталады. Бокс ағаштан, металдан немесе қатты пластиктен жасалады.

116. Күзетте ұсталатын адамдарды қабылдау және тінту үшін ішінде үстелі, қарауылдың жұмыс халаты, төсеніші, қол жуғышы, сүлгісі, сабыны, дезинфекция жасайтын құралдары және қажетті құрал-саймандары бар жарық үй-жай (камера) бөлінеді. Үстел, орындық еденге нықтап бекітіледі.

117. Сәлем-саухаттарды қабылдау бөлмесі екі бөліктен тұрады: біреуі – келіп-кетушілерге, ал екіншісі – сәлем-саухаттарды қабылдайтын тергеу изоляторының қызметкерлеріне. Осы үй-жайлардың арасында кең жақтаулы терезе орнатылады. Көшеден үй-жайға кіру келіп-кетушілер үшін еркін болуы керек. Бұл үй-жайда үстел және орындық қойылады.

Қызметкерлерге арналған үй-жайларда: дабыл тетігі және кезекшімен тікелей байланыс телефоны, үстел, орындық, таразы және басқа қажетті заттар болуы керек.

118. Күзетте ұсталатын адамдардың туыстарымен жолығысу бөлмесі сөйлесу құралдарымен жабдықталады, жерден төбеге дейінгі қабырғамен екі бөлікке бөлінеді. Бөлгіш қабырғаның екі жағынан еденге бекітілген үстел мен орындық қойылады. Бөлгіш қабырғалардың еденнен жоғары 80 сантиметрі сырты пластикпен қапталып мықты тақтайлардан немесе кірпіштен, не болмаса пластиктен, ал одан жоғары (төбеге дейін) – сынбайтын мөлдір материалдан жасалады. Аралық қабырғаға екі жағы шыныланған декоративтік металл тор орнатылуына жол беріледі. Аралық қабырғаның (сол немесе оң) шеткі бөліктеріне күдіктіні немесе айыпталушыны өткізу үшін металл немесе басқа берік материалдан жасалған құлыпталатын есік орнатылады. Мүмкіндік болған жағдайда, жолығысуға арналған үй-жайға екі бөлек есік орнатылады: біреуі – туыстарға, басқасы – күдіктілер мен айыпталушыларға. Жолығысу бөлмесінің терезе ойығына металл тор қойылады. Үй-жайдың келушілер жағында бақылаушылар орны әңгімелерін бақылау, ескерту және сөйлесулерін тоқтату үшін және тікелей кезекшімен байланысу үшін телефонмен жабдықталады. Бөлме қабырғасына сағатымен,

бақылаушының орны күзет-дабыл сигнализациясы тетігімен және өзге де күзеттің техникалық құралдарымен қамтамасыз етіледі.

119. Егер үлестіру жылыту үй-жайы режимдік корпуста жайғастырылған болса, камералардан оқшауландырылады. Асханадағы барлық шанышқыш және кескіш заттар кезекшіде сақталынатын тізбе бойынша есепке алынады.

120. Автомашиналарды кіргізуге арналған тергеу изоляторының кіріп-шығу қақпалары темірден, есіксіз жасалады, шлюзі бар және электр моторларының күшімен іске қосылады.

121. Камералар мен карцерлердің есіктері қалыңдығы 6 сантиметрден кем емес тақтайлардан жасалынады және ішкі жағынан қаңылтырмен жабылады немесе тілінген темірмен қапталады. Олар сыртқы жағынан киіз немесе поролонмен қабаттастырған дерматинмен қапталады. Басқа режимдік жайларда темірмен құрсаулап қапталған ағаш немесе темірден жасалған берік есіктер қойылады.

Камералар, карцерлер, режимдік корпусқа, душқа, дәретхана, кір жуатын орынға, шеберханаға, серуендеу алаңына, сондай-ақ изолятордан тергеу изоляторының әкімшілік ғимаратына кіретін есіктердің ортаңғы бөлігінде мөлдір органикалық әйнектермен шыныланған және дыбыс шығармайтын айналмалы резеңке қақпақпен жабылатын қарау саңылаулары орнатылады.

Камералар мен карцерлердің есіктеріне дәліз жаққа ашылатын желкөз орнатылады, желкөзді ұстап тұру үшін көлденеңінен кемер орнатылады.

122. Режимдік корпустардың кіреберіс есіктеріне арнайы немесе кодтық бекіту құрылғылары орнатылады. Бір пост учаскесінде орналасқан камералардың құлпы бір кілтпен ашылады. Біріңғай есіктер қатарына темір торлы есіктер қойылады.

123. Тергеу изоляторының режимдік, әкімшілік және шаруашылық үй-жайлары құлыптарының кілттері үш данада, тек тергеу изоляторына кіреберіс есіктің кілті қажетті данада жасалады. Кілттің бір данасы бақылаушылардың пайдалануында, екіншісі кезекшінің сейфінде болады, үшіншісі – резервтегі – мөр басылған күйінде қарумен бірге сақталады. Барлық кілттер осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысандағы изолятордың қызметтік кілттерін есепке алу журналына жазылады.

Қызметтік кілттерді пайдаланатын тергеу изоляторының қызметкерлеріне кілттерді қараусыз тастауға, сондай-ақ есікті ашқаннан немесе жапқаннан кейін қалдыруға жол берілмейді.

124. Тергеу изоляторлары үй-жайларының барлық терезелеріне торлар орнатылады.

125. Тергеу изоляторында электр жарығы пайдаланылады. Электр сымдары камераларда, карцерде электр шамдары төбедегі қуыстарға жасырын орнатылады. Қуыстар органикалық әйнектермен немесе басқа сынбайтын мөлдір материалдармен қоршалады.

Сөндіргіштер аталған үй-жайлардан бөлек дәліз жақ бетке орналастырылады. Тергеу изоляторының режимдік корпусының дәлізінде, камераларында және басқа да орын-жайларда күндіз жарық беретін шамдар орнатылады.

126. Күдіктілер мен айыпталушылардың Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2014 жылғы 15 қазандағы № 346 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9887 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары тергеу изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидаларын бұзуының, сотталғандардың жазаны өтеу тәртібін бұзуының алдын алу және жолын кесу, тергеу изоляторы қызметкерлерінің тарапынан болатын азаптауларға және өзге де құқыққа қарсы әрекеттерге жол бермеу мақсатында бейнекамералар дәретханаларды, моншаларды, қол жуатын және душ бөлмелерін қоспағанда, тергеу изоляторы әкімшілігі айқындайтын орындарда орнатылады. Бұл ретте күдіктілер мен айыпталушылардың дене тексеруі жүзеге асырылатын үй-жайлар шымылдықтармен жабдықталады.

Ескерту. 7-тарау 126-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127. Бейнежетон құқық бұзушылықтардың жолын кесу кезінде сапалы айғақтық базаны жинақтауды қамтамасыз ету мақсатында қоршаған ортаны, азаматтардың, күдіктілердің және айыпталушылардың іс-қимылдарына, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде тергеу изоляторы қызметкерлерінің іс-қимылдары процесіне аудиобейнежазбаны жүзеге асыруға арналған.

Ескерту. 7-тарау 127-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

128. Тергеу изоляторының бастығы қабылдауды, шығаруды және сақтауды, сондай-ақ жазылған жазбаларды қарауды және талдауды жүргізетін жауапты адамды тағайындайды. Бұл ретте деректерді сақтау серверіне арнайы пароль қойылады, оны жауапты адам және тергеу изоляторының бастығы ғана біледі.

Ескерту. 7-тарау 128-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

129. Бейнежетондар деректерді жинау және бейнежетондарды сақтау терминалында сақталады және кезекші әрбір қызметкерге қызметтік міндеттерін орындауды бастар алдында осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес бейнежетондарды беруді және тапсыруды есепке алу журналында қол қойғыза отырып, береді.

Ескерту. 7-тарау 129-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

130. Бейнежетон қызметтік міндеттерін орындау кезінде тергеу изоляторы қызметкерінің іс-қимылына кедергі келтірмей, кеуде тұсына иық буынына жақын бекітіледі.

Ескерту. 7-тарау 130-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

131. Бейнежетон қызметтік міндеттерді орындау сәтінен бастап қосылады және жазба ол аяқталғанға дейін үздіксіз жүргізіледі. Бұл ретте бейнежетонды қосу процесінде тергеу изоляторының қызметкері орнатылған құрылғы уақытының дәлдігіне көз жеткізеді.

Ескерту. 7-тарау 131-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

132. Қызметтік міндеттерді орындау кезеңінде тергеу изоляторының қызметкерлері бейнежетонның сақталуын қамтамасыз етеді және жұмыстың аяқталуы бойынша кезекшіге тапсырады.

Ескерту. 7-тарау 132-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

133. Демалу, тамақтану жағдайында тергеу изоляторының қызметкері аудиобейнежазбаны жүргізуді тек кезекшінің немесе тікелей бастығының рұқсаты бойынша тоқтатады, кейіннен бейнежетонды беруді және тапсыруды есепке алу журналына тиісті жазбаларды енгізеді.

Ескерту. 7-тарау 133-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

134. Тергеу изоляторының қызметкері бейнежетонға ұқыптап қарауға, оның жоғалуына, бүлінуіне жол бермеуге, басқа адамдарға бермеуге міндетті.

Ескерту. 7-тарау 134-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135. Бейнетіркегіштер (антивандальды қорғаныспен не оларды қорғаныс корпусына орналастыру арқылы) арнайы автомобильдің ішіне және сыртына айдауылдалатын және этаппен жіберілетін адамдарды және сыртқы жақтағы жағдайды бақылау үшін:

1) екі бейнекамера алдыңғы бөлігінде, олар бірыңғай пластик корпусына бірлесіп жиналуы тиіс, салонда және автокөлік алдындағы жағдайды бақылау үшін, бұл ретте бейнетіркегіш жүргізушінің шолуына кедергі келтірмеуі тиіс;

2) айдауылдалатын және этаппен жіберілетін адамдарды ұстауға арналған камераларға қарсы айдауыл тобының бақылаушылары орналасатын шанақ дәлізінде;

3) сыртқы жағдайды және күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторына қабылдауды және белгіленген орынға жіберу үшін оларды айдауылға беруді, сондай-ақ белгіленген орында айдауылдалатын және этаппен жіберілетін адамдарды беру және қабылдауды өткізуді бақылау үшін шанақтың сыртқы жағынан кіреберіс есіктердің үстінен;

4) автокөліктің артқы жағындағы жағдайды бақылау үшін шанақта орнатылады.

Ескерту. 7-тарау 135-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

136. Бейнетіркегіштер алынбайды және жауапты адамға тапсырылмайды, тұрақты негізде арнайы автомобильде болады. Жазбаларды түсіру кезінде тек жады картасы алынады.

Ескерту. 7-тарау 136-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

137. Бейнетіркегіш адамдарды айдауылдау немесе этаптау сәтінен бастап қосылады және жазба ол аяқталғанға дейін үздіксіз жүргізіледі.

Ескерту. 7-тарау 137-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

138. Ұшақта, жолаушылар вагонында немесе су көлігінде айдауылмен апару процесіне және айдауылдау кезіндегі қоршаған жағдайға аудиобейнежазба жүргізу айдауыл тобы бақылаушыларының бейнежетондары арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тарау 138-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

139. Әрбір бейнежетонға, бейнетіркегішке, соның ішінде бейнежетонның, бейнетіркегіштің ақпарат тасымалдағышына (бұдан әрі – жады картасы) құрылғыны беру, қабылдау және ақпараттық деректерді түсіру кезінде жұмыста есепке алу үшін түгендеу нөмірі беріледі.

Ескерту. 7-тарау 139-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

140. Бейнежетондағы және бейнетіркегіштегі бар жазбаны өз бетімен жоюға, сондай-ақ оларды ажыратуға және аудиобейнежазбаны жүргізуге кедергі келтіруге жол берілмейді.

Ескерту. 7-тарау 140-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

141. Бейнежазбаларды сақтау мерзімі:

- 1) қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша – 3 жыл;
- 2) әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша – 1 жыл;
- 3) құқық бұзушылықтар белгілері жоқ өзге де жағдайлар бойынша – 60 тәулік.

Ескерту. 7-тарау 141-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

142. Сервер бөлмесінде немесе кезекші бөлімде орнатылған деректерді сақтау серверіндегі ақпаратқа тек жауапты адамның және тергеу изоляторы бастығының қолжетімділігі бар, бұл ретте сақтау серверіндегі деректерге (күні мен уақытты өзгерту) өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

Ескерту. 7-тарау 142-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
1-қосымша

нысан

БЕКІТЕМІН

тергеу изоляторының бастығы

ҚОЛЫ

20__ жылғы "___" _____

Тергеу изоляторының ПОСТТАР ТАБЕЛІ

Пост сипаты	Пост нөмірі	Қ а й д а орналасқан	Күзет объектісі	Пост жабдығы	Ерекше белгілер
Сыртқы посттар					

Уәкілетті тұлға _____
лауазымы, атағы тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

ҚОЛЫ

20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының

НЫСАН

_____ бастығы
лауазымы, атағы қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Ескертпе: кестенің торкөздерінде кезекшілікке түсу уақыты көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
3-қосымша

ТҮҮГ. № _____

сақтау мерзімі

Күдіктілер мен айыпталушылардың серуендеуін есепке алу

ЖУРНАЛЫ №

ҰҚК органының атауы

$\mathcal{N}_0$	TOM
-----------------	-----

20 жылғы " " басталды

20 ЖЫЛҒЫ " " аяқталды

бette

журнал _____ томда

Ішкі беті

				Серуен уақыты (сағат, минут)			Серуен аулаларын тексеретін күзеттегі адамдардың серуенге және қайтадан айдауылмаған апаратын және серуен кезінде бақылауды жүзеге
					аяқталуы	Серуенге бармаған адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және олар қандай себептермен бармаған	

р/с №	Күні	Камера №	Күзеттегі адамдардың саны	басталуы		Серуенге шығарылған адамдардың саны		асыратын бақылаушылардың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Бет жағы

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
4-қосымша

нысан

түг. № _____

сақтау мерзімі _____

Күдіктілер мен айыпталушылардың санитарлық өңделуін есепке алу

ЖУРНАЛЫ № _____

ҰҚК органының атауы

№ _____ ТОМ

20__ жылғы "___" _____ басталды

20__ жылғы "___" _____ аяқталды

_____ бетте

журнал _____ томда

Ішкі беті

			Санитарлық өңдеудің уақыты			Жуыну орнын
--	--	--	-------------------------------	--	--	----------------

р/с №	Күні	Камера № және онда ұсталатын адамдар саны	басталуы	аяқталуы	Санитарлық өңдеуге шығарылған адамдар саны	Санитарлық өңдеуден өтпеген адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және қандай себептерме н өтпеген	қарауды, айдауылмен апаруды және күдіктілер мен айыпталуш ыларды санитарлық өңделуін бақылауды жүзеге асыратын бақылаушы лардың тегі, а т ы , әкесінің аты (болған жағдайда)
1	2	3	4	5	6	7	8

Бет жағы

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
5-қосымша

нысан

түг. № _____

сақтау мерзімі _____

**Күдіктілер мен айыпталушылардың медициналық қабылдануын есепке алу
ЖУРНАЛЫ № _____**

ҰҚК органының атауы

№ _____ ТОМ

20__ жылғы "___" _____ басталды

20__ жылғы "___" _____ аяқталды

_____ бетте

журнал _____ томда

Ішкі беті

			Шағымдар, аурудың нақты белгілері	Кім қабылдады (лауазымы және тегі,
--	--	--	--------------------------------------	-------------------------------------

р/с №	Қабылдау күні	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	және олардың диагнозы	аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
1	2	3	4	5

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторларындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидаларына
6-қосымша
нысан

Тергеу изоляторы бастығының бұйрығы

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 20.01.2020 № 3/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ _____

№ _____ ауысым 20 _____ жылғы " _____ " _____ .00 сағ. _____ .00 сағ. дейін кезекшілікті атқарады:

Кезекші ауысым:

Кезекші: _____

Ауысым бақылаушылары: _____

Резерв: _____

Кезекші ауысымға нұсқама

Тергеу изоляторының бастығы

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
7-қосымша

НЫСАН

Ішкі (сыртқы)
пост ведомосы

20__ жылғы " __ " _____ арналған
№ _____ камералар
Постта кім және қай уақытта қызмет атқарды

Атағы	Постқа (оның ішінде ауыстырылған бақылаушының) түсу уақыты (сағат, минут)	Постты қабылдау туралы бақылаушының қолы
-------	---	---

Постты тексеру

Тексерушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және лауазымы	Тексеру уақыты (сағат, минут)	Тексеру нәтижелері, қызмет атқару бойынша ескертулер және тексерушінің қолы
--	-------------------------------	---

Күдіктілер мен айыпталушылардың қозғалысы

Камера нөмірлері	Сотталған адамдардың саны				Камера нөмірлері	Сотталған адамдардың саны			
	қабылдан ды	келді	кетті	тапсыры лды		қабылдан ды	келді	кетті	тапсыры лды
Барлығы					Барлығы				

Постты тапсырды Постты қабылдады
Бақылаушы _____ Бақылаушы _____
қолы қолы
Бет жағы

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
8-қосымша

нысан
түг.№ _____
сақтау мерзімі _____

Қарулар мен оқ-дәрілерді беру және қайтарып алуды есепке алу
ЖУРНАЛЫ № _____

ҰҚК органының атауы
№ _____ ТОМ

20__жылғы "___" _____ басталды

20__жылғы "___" _____ аяқталды

_____ бетте

журнал _____ томда

Ішкі беті

р/с №	Қару мен оқ-дәрілерді алған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Беру күні және уақыты	Қарудың атауы және нөмірі	Оқ-дәрілердің саны	Алғандығы туралы қолы	Қару мен оқ-дәрілерді тапсыру күні және уақыты	Изолятор бойынша кезекшінің қабылдаған ы туралы қолы
1	2	3	4	5	6	7	8

Бет жағы

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
9-қосымша

нысан

Шақырту талаптамасы

№ _____ посттың бақылаушысы _____

атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

№ _____ камерада күдікті (айыпталушы) _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

_____ сотқа жіберу, кездесу өткізу,

_____ үшін шығарылсын.

күзеттен босату

Кезекші _____

атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы

20__жылғы "___" _____

Сырт жағы

№ _____ камерада күдікті (айыпталушы) _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

_____ қабылдап алдым.

Бақылаушы _____

атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы

20 ____ жылғы " ____ " _____

Күдікті (айыпталушы) _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

№ _____ камераға кіргіздім.

Пост бақылаушысы _____

атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы

20 ____ жылғы " ____ " _____

Бет жағы

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
10-қосымша

нысан

_____ тергеу изоляторы

ҰҚК органының атауы

Жауап алуға шақыру туралы талаптама

Жауап алу үшін күдікті (айыпталушы) _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

№ _____ бөлмеге алып келуіңізді сұраймын.

Кім шақырады _____

лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Күдікті (айыпталушы) _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

№ _____ камерадан берілсін.

Кезекші _____

атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы

кесу сызығы

Бақылау талоны

Күдікті (айыпталушы) _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

№ ____ камерадан жауап алуға апару үшін " ____ " сағат " ____ " минутта

қабылдап алдым.

Бақылаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы

Сырт жағы

Жауап алу үшін " ____ " сағат " ____ " минутта қабылдап алдым.

Бақылаушы қолы _____
шақырған кім

Жауап алу үшін " ____ " сағат " ____ " минутта қабылдап алдым.

Бақылаушы қолы _____

Жауап алуға айдауылмен апарған бақылаушы _____,

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

жауап алудан айдауылмен әкелген бақылаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Күдікті (айыпталушы) _____

қабылдап алдым және № ____ камераға " ____ " сағат " ____ " минутта
орналастырдым.

Бақылаушының қолы _____

Бет жағы

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
11-қосымша

нысан

түг.№ _____

сақтау мерзімі _____

Кезекшілікті қабылдап-тапсыру

ЖУРНАЛЫ № _____

ҰҚК органының атауы

№ _____ ТОМ

20 ____ жылғы " ____ " _____ басталды

20 ____ жылғы " ____ " _____ аяқталды

журнал _____ бетте

_____ томда

Бет жағы

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету

мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
12-қосымша

нысан

түг.№ _____

сақтау мерзімі _____

**Изолятордың қызметтік кілттерін есепке алу
ЖУРНАЛЫ № _____**

ҰҚК органының атауы

№ _____ ТОМ

20__ жылғы "___" _____ басталды

20__ жылғы "___" _____ аяқталды

_____ бетте

журнал _____ томда

Ішкі беті

р/с №	Үй-жайдың қандай есігінің немесе қандай сейфтің кілті	Кілт нөмірі	Кілт даналарының саны
1	2	3	4

Ескертпе: 1. Аталған бағандар журналдың бірінші беттерінде орналастырылады.

2. Әр кілттің барлық даналары бір нөмірмен есептеледі.

р/с №	Кілттің №	Кімге және қашан берілді	Алғандығы туралы қолы	Кезекшінің қабылдағандығы туралы қолы
1	2	3	4	5

Ескертпе: 1. Аталған бағандар журналдың екінші беттеріне орналастырылады.

Бет жағы

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
13-қосымша

нысан

түг. № _____

сақтау мерзімі _____

Кездесулерді, сәлемдемелерді, сәлем-сауқатты және ақша аударымдарын есепке алу
ЖУРНАЛЫ № _____

ҰҚК органының атауы
№ _____ ТОМ
20 ____ жылғы " ____ " _____ басталды
20 ____ жылғы " ____ " _____ аяқталды
_____ бетте
журнал _____ томда
Ішкі беті

р/с №	Күдіктілер мен айыпталушылардың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Күзетте ұстаудың (күні, сағаты, және минуты) басталу және аяқталу уақыты			Кездесудің ұзақтығы мен күні	Сәлемдеме, сәлем-сауқат, бумахат немесе ақша аударымдары, оларды қабылдаған немесе келіп түскен күні	Қандай зат келіп түсті немесе қабылданды (заттар, азық-түліктер, ақша немесе олардың сомасы)	Іс-шараны жүзеге асырған қызметкердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
		тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Тұрғылықты мекен жайы	Төлқұжатының (жеке куәлігінің) № және оны қай орган берген				
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Бет жағы

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
14-қосымша

нысан
түг. № _____
сақтау мерзімі _____

Күдіктілер мен айыпталушылардың келуін және кетуін тіркеу
ЖУРНАЛЫ № _____

ҰҚК органының атауы

№ _____ ТОМ

20 __ жылғы " __ " _____ басталды

20 __ жылғы " __ " _____ аяқталды

_____ бетте

журнал _____ томда

Ішкі беті

р/с №	Құдіктінің , айыпталу шының тегі, аты, әкесінің аты (_____ болған жағдайда)	Изоляторға түскен күні	Қайдан келді	Қ а й органның есебінде тұрады және ісі өндірісте болған адамның тегі, аты, әкесінің аты (_____ болған жағдайда)	Изолятордан кету уақыты	Қайда кетті	Жеке ісінің нөмірі	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Бет жағы

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
15-қосымша

нысан

түг. № _____

сақтау мерзімі _____

Изолятордың санитарлық есепке алу

ЖУРНАЛЫ № _____

ҰҚК органының атауы

№ _____ ТОМ

20 __ жылғы " __ " _____ басталды

20 __ жылғы " __ " _____ аяқталды

_____ бетте

журнал _____ томда

Ішкі беті

р/с №	Күні	Не тексерілді және тексеру нәтижелері	Ескертулер мен ұсыныстар	Қабылданған шаралар
1	2	3	4	5

Бет жағы

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторларындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидаларына
16-қосымша
нысан

Ескерту. 16-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 13.05.2022 № 20/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

түг. № _____

сақтау мерзімі _____

Күдіктілер мен айыпталушылардың ұсыныстарын, шағымдарын және өтініштерін тіркеу

ЖУРНАЛЫ № _____

ҰҚК органының атауы

№ _____ ТОМ

20__жылғы "___" _____ басталды

20__жылғы "___" _____ аяқталды

_____ бетте

журнал _____ томда

Ішкі беті

Қарау нәтижесі және оны жариялау күні	7
Кімге жіберілген (шығыс номері және күні)	6
Ұсыныстың, шағымның, өтініштің қысқаша мазмұны (прокурорға және сотқа жабық түрде жіберілгендерден басқа)	5
Кімге жіберілді	4
Келіп түскен күні	3
Ұсынысты, шағымды, өтінішті берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	2
р/с №	1

Нысан

Арнайы құралдарды қолдану туралы акт

20 __ жылғы " __ " _____ сағ. ____ мин. _____

_____ өкімі бойынша

лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Күзетте ұсталған адам (адамдар) _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

_____ арнайы құралдар қолданылды.

_____ арнайы құралдарын қолдануға қатысқандар:

атақтары, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Арнайы құралдары _____

қолдану себептері көрсетілсін

_____ байланысты қолданылды.

_____ сағ. ____ мин. арнайы құралды қолдану тоқтатылды.

Кезекші _____

Бет жағы

Нысан

Күзетте ұсталатын адамдарды ауыстыру талоны

Бақылаушы _____
Күдікті (айыпталушы) _____
тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____ өкімі бойынша
лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
№ _____ камерада № _____ камераға ауыстырыңыз.
Кезекші _____
атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы
20 ____ жылғы " ____ " _____
Сырт жағы
Күдікті (айыпталушы) _____
тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
№ _____ камерада № _____ камераға 20 ____ жылғы
" ____ " _____ " ____ " сағат " ____ " минутта ауыстырдым.
Бақылаушы _____
атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы
Бет жағы

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
19-қосымша

нысан

Камералық карточка

Жеке іс № _____	Ауыстыру		
Тегі _____	Камера №	Күні	Кезекшінің қолы
Аты _____ Әкесінің аты (бар болса) _____			
Туған жылы _____			
Ұлты _____			
Туған жері _____			
ҚК бабы бойынша тартылды _____			
Изоляторға келіп түскен уақыты _____			

Изоляторға қабылдау кезінде жеке тінтуді жүргізді			
№ _____ камераға орналастырылды			
Кезекші _____			
лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы			
Изолятордан қашан және қайда шығарылды ____			

Бүктеу сызығы

Көтермелеу	Жаза
-----	-----
-----	-----
-----	-----

Сырт жағы

Күдіктіге, айыпталушыға пайдалануға берілген изолятор заттарының тізбесі

р/с №	Атауы	Саны	Алған күні	Күдіктінің немесе айыпталушының қолы	Изолятор қызметкерлерінің затты қайтарғандағы қолы және күні
1	2	3	4	5	6
1.	Матрац				
2.	Көрпе				
3.	Жастық				
4.	Ақжайма				
5.	Жастықтыс				
6.	Сүлгі				
7.	Шыныаяқ				
8.	Саптыаяқ				
9.	Қасық				
10.	Ішкіім				
11.	Дамбал				
12.	Тымақ				
13.	Шалбар				
14.	Кеудеше				
15.	Қысқа пальто				

Күдіктінің, айыпталушының камераға берілген жеке заттарының тізбесі

р/с №	Атауы	Саны	Алған күні	Күдіктінің немесе айыпталушының қолы	Изолятор қызметкерінің з а т т ы қайтарғандағы қолы және күні
1	2	3	4	5	6

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
20-қосымша

Тергеу изоляторы шегінен тыс жерге айдауылдау үшін тағайындалатын айдауыл санының есебі

р/с №	Айдауылданушылар саны	Айдауыл саны	Ескертпе
1.	Бір-екі	екі	
2.	Үш-алты	үш	
3.	Жеті-тоғыз	төрт	
4.	Он-он екі	бес	
5.	Он үш-жиырма	алты	
6.	Жиырма бір-жиырма сегіз	жеті	
7.	Жиырма тоғыз-отыз алты	сегіз	
8.	Отыз жеті-қырық төрт	тоғыз	
9.	Қырық бес-елу	он	

Ескертпе: Елуден астам адамды айдауылдау барысында әр бес адамға бір айдауыл қосылады. Тергеу изоляторының бастығы айдауылдау бағытының ұзақтығына, жер жағдайына, қозғалу тәсіліне, жыл және тәуләк мезгіліне, сондай-ақ айдауылдың дайындық деңгейіне байланысты бұл норманы арттыруы мүмкін.

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
21-қосымша

нысан

(Бірінші мұқабаның сыртқы беті)

Күдіктінің, айыпталушының жеке ісі

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

20__ жылғы " __ " _____ басталды

20__ жылғы " __ " _____ аяқталды

Мұрағат № _____

Жеке іс мұқабасында басқа жазбалар жазуға тыйым салынады.

(Бірінші мұқабаның ішкі жағы)

Күдіктіні немесе айыпталушыны қабылдау (ауыстыру) туралы мәліметтер

р/с №	Күні	Кім (қабылдады) ауыстырды
1	2	3

Күдіктінің немесе айыпталушының қозғалысын тіркеу

р/с №	Мекеменің атауы	Мекеме орналасқан жер	Келіп-кету уақыты		Жеке істің тіркеу №
			келді	кетті	
1	2	3	4	5	6

(бірінші жапсырма)

1 - бөлім

Жеке істің бірінші бөлімінде мынадай құжаттар тігіледі: ұстаудың хаттамасы; жеке тінтудің хаттамасы; бұлтартпау шарасы ретінде күзетте ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулы; күзетте ұсталатындардың сауалнамасы; дактилоскопиялық картасы; сотталғандығы туралы анықтамасы, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, ақшаны, бағалы заттарды, ордендерді, медальдарды және өзге де бұйымдарды алу туралы түбіртектердің көшірмесі; бұрын сотталғандығының болуы немесе болмауы туралы анықтама; күзетте ұстау мерзімін ұзарту, ұсталған адамның басқа жерге ауыстырылуы туралы құжаттар; сот органдарының үкімдері, қаулылары немесе олардың көшірмелері; үкімнің заңдық күшіне енгендігі туралы соттың хабарламалары; Қазақстан Республикасы Президентінің кешірім жасау туралы Жарлығын орындау туралы ұйғарым; Кешірім жасау туралы қаулылар, хаттамадан үзінділер және басқа да құжаттар; босатылуы немесе үкімді өзгерту жөнінде құжаттардың орындалуы туралы хаттардың көшірмесі; қайтыс болуы туралы медициналық құжат, жазатайым оқиға (егер ол қайтыс болудың себебі болса) туралы акті, сот-медициналық тілу актісі (егер жүргізілсе), мәйітті жерлеу немесе туыстарына немесе өзге адамдарға беру туралы акті, АХАЖ органы немесе туыстарына жіберілетін қайтыс болуы туралы хабарламаның көшірмелері; қашу туралы хабарлама; босатылуы туралы анықтаманың көшірмесі; қайтыс болған адамның жеке заттарының, ақшалары мен бағалы заттарының жағдайын анықтау туралы құжаттар;

өндірістік жарақат туралы акті және бас бостандығынан айыру жерлерінде болған кезде мүгедектік алғандығын растайтын құжаттар.

Барлық құжаттар олардың келіп түскендігіне байланысты тігіледі және тізімдемеге енгізіледі.

Белгіленген тәртіппен рәсімделмеген құжаттарды, олардың үзінділерін, құжат жобалары мен басқа да шимай материалдарды жек іске қосып тігуге тыйым салынады.

Жеке істің бірінші бөліміндегі құжаттардың тізімдемесі

р/с №	Құжаттың атауы	Парақ нөмірі	Ескерту
1	2	3	4

(екінші жапсырма)

2 - бөлім

Жеке істің екінші бөліміне мынадай құжаттар тігіледі: ауыстыру талондары, жауап алуға шақыру туралы талаптама, шақыру талаптамасы, сәлем-сауқат беруге, кездесуге өтініштер және күзеттегі адамды ұстауға байланысты басқа да құжаттар (жеке істің бірінші бөліміне тігілетіндерден басқа); бағдарлау анықтамалары (егер ол күзет қызметкерлеріне шабуыл жасауға, қашуға, өзін-өзі өлтіруге, есірткі пайдалануға және бейім болса); мінездемелер, шартты мерзімнен бұрын босатылуына, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның жеңілдеу түріне ауыстыруға ұсыну мәселелері бойынша құжаттар, минималды қауіпсіз мекемеге ауыстыру туралы, көтермелеу және жазалау туралы құжаттар, айдауылсыз апару (айдауылмен апару) туралы қаулы және оған тиісті құжаттар; шағымдарды, өтініштерді жіберу туралы және басқа да мәселелер бойынша ілеспе хаттардың көшірмелері; шағымдар мен өтініштерге жауаптар; сауалдама хаттамалары, мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламау туралы қолхат; күдіктінің немесе айыпталушының түзелуінде, оның жүріс-тұрысын байланыстарын сипаттауларда маңызды құжаттар.

Барлық құжаттар олардың келіп түскендігіне байланысты тігіледі және тізімдемеге енгізіледі.

Белгіленген тәртіппен рәсімделмеген құжаттар, олардан үзінділер, құжат жобаларын және басқа да шимай материалдарды жеке іске қосып тігуге тыйым салынады.

Жеке істің екінші бөліміндегі құжаттар тізімдемесі

р/с	Құжаттың атауы	Парақ саны	Ескертпе
1	2	3	4

(Екінші мұқабасының ішкі жағы)

Құжаттары бар пакетті бекітуге арналған орын

Конвертте сақталатын құжаттар тізімдемесі

р/с №	Құжаттардың атауы	Құжаттар немесе парақ саны	Ескертпе
1	2	3	4

Қолхат

Өзіме тиесілі _____

тізу

құжаттарды, ақшаны, бағалы заттарды және заттарды босатылған кезде
толық алдым.

босатылған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және қолы

20__ жылғы " __ " _____

Істе барлығы _____ парақ.

мұрағатқа тапсыру үшін істі рәсімдеген адамның лауазымы, атағы, қолы
және тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
22-қосымша

нысан

ҰҚК органының атауы

Ілеспе тізім бойынша № ____ 20__ жылғы _____ " ____ "

толтырылған күні

№ _____ жеке іс бойынша анықтама

1. Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (күдіктінің, айыпталушының) _____

егер бірнеше болса, бәрі көрсетілсін

2. Туған жылы және жері _____

3. Күзетте ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына дейін тұрған жері _____

мекенжайы толық көрсетілсін

4. Қайда және кімнің қарауына кетеді _____

мекеме атауы

5. Қарауыл қайда тапсырды _____
станса атауы, қандай өткізу пункті _____

арқылы жүруі тиіс (изоляциярлар, мекемелер _____)

6. Айдауылмен апару үшін негіздеме _____
наряд, бұйрық, өкім, _____

қаулы, нөмірі, уақыты _____

7. Санаттары _____
сотталған адам, айыпталушы, кәмелеттік жасқа толмаған, режим түрі, _____

өлім жазасына кесілген, шетелдік _____

8. Қай сот органы соттаған _____
қашан, ҚК қай бабы бойынша, қанша мерзімге және _____

мекеме түрі _____

9. Күшейтілген күзет қажет пе және неге _____

10. Айрықша белгілер _____
мертігу, жарақаттану, сүйелдер, таңбалар, дактар, _____

тыртықтар, дененің ауырсынуы, қасқа бас, тіл мүкісі, беттің
асимметриясы, кекештену, татуировкалар және т.б. _____

11. Дәрігердің анықтамалары:

а) денсаулық жағдайы туралы _____
дені сау, ауру _____

ә) санитарлық өңдеуден өткені туралы (уақыты) _____

б) изолятордың эпидемиологиялық жағдайы туралы _____

Дәрігер _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы _____

Бастық _____

атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы _____

Фотосурет _____

орыны _____

Изолятор _____

мөрінің орны

Ескертпе: Анықтама қара немесе көк түсті сиямен толық және қысқарған сөзсіз, қатесіз және түзетулерсіз анық толтырылады. Барлық сұрақтар толық көрсетілуі тиіс. Пакет ашылған жағдайда анықтама міндетті түрде жеке іске қосылып тігіледі.

Аса қауіпті қылмыскерлерге және күзетке қарсы шығуға, қашуға немесе өзін-өзі өлтіруге бейім адамға жасалатын анықтамаға жедел бөлім қызметкерлері қызыл жолақ жүргізеді.

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік органдарының
тергеу
изоляцияларындағы адамдарды күзету
мен қадағалауды жүзеге асыру
қағидаларына
23-қосымша

нысан

Ілеспе тізім

ҰҚК органы

изоляциярдың, мекеменің нақты атауы

_____ қарауына жіберілетін

күдіктілерге, айыпталушыларға (сотталғандарға)

Айдауылмен жіберуге негіздеме _____

наряды, бұйрығы, нұсқауы немесе қаулысы

20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____

р/с №	Жеке ісінің №	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы	ҚР ҚК бабы	Қандай мерзімге сотталған	Ескертпе Режим түрі
1	2	3	4	5	6	7

_____ бастығы
лауазымы, атағы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

20 ____ жылғы " ____ " _____

Изолятор мөрінің орны

Атқарушы _____

лауазымы, атағы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

20 ____ жылғы " ____ " _____

Тізімде аталған күдіктілердің, айыпталушылардың (сотталғандардың) жеке істерімен қоса жалпы саны _____ адам.

жазбаша

Қабылдаған: _____

айдауылмен келген адамдарды қабылдаған адамның лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы

20 ____ ж. " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
ұлттық қауіпсіздік
органдарының тергеу
изоляцияларындағы адамдарды
күзету мен қадағалауды
жүзеге асыру қағидаларына
24-қосымша
(нысан)

Мұқабаның беткі жағы

Бейнежетонды беруді және тапсыруды есепке алу ЖУРНАЛЫ № ____

Ескерту. Қағидалар 24-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 08.05.2025 № 46/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

—

(ҰҚК органының атауы)

20 ____ жылғы " ____ " _____ басталды

20 ____ жылғы " ____ " _____ аяқталды

Мұқабаның ішкі жағы

№ п/п	Бейнежетонның (есте сақтау картасының) түгендеу нөмірі	Бейнежетонды пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)	Күні және уақыты, алғаны туралы қол қою	Күні және уақыты, тапсырғаны туралы қол қою	Ақпаратты алу күні және уақыты	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7